




## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 7 тамыз


### БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша 2018 жылғы маусымдағы инвестициялық қызметке қысқаша шолу

**Жалпы портфель.** БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясына сәйкес сақталуы мен кірістілігін қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді әртараптандыру мақсатында зейнетақы активтері валюталар, елдер, секторлар мен эмитенттер бойынша қаржы құралдарының әр түріне инвестицияланады.

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің көлемі **8 450,4 млрд теңгені**, оның ішінде теңгеге номинирленген ақша қаражаты мен қаржы құралдары **5 737,1 млрд теңгені** немесе 67,9%-ды, шетел валютасына номинирленген ақша қаражаты мен қаржы құралдары **2 713,3 млрд теңгені** немесе 32,1%-ды құрады.



**Теңгеге номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.** Теңгеге номинирленген БЖЗҚ зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес жыл сайын мақұлдайтын бағыттар шеңберінде ғана инвестицияланады. 2018 жылы көрсетілген Кеңес Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын иелену, портфельді әртараптандыру үшін шетел валютасын сатып алу, халықаралық қаржы ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, екінші деңгейдегі банктер мен басқа қазақстандық корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарын иелену сияқты БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялаудың осындай бағыттарын мақұлдады.



**Инвестициялар.** 2018 жылғы маусымда теңгеге номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **67,3 млрд теңге** (ақша нарығының құралдарына<sup>1</sup> инвестицияларды есепке алмағанда) болды, оның ішінде:

- ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ жылдық орташа сараланған 8,4% кірістілікпен 54,8 млрд теңге сомасына;
- халықаралық қаржы ұйымының (Еуразиялық Даму Банкі) облигацияларын жылдық орташа сараланған 9,1% кірістілікпен 12,5 млрд теңге сомасына сатып алынды.

Қарастырылып отырған кезеңде теңгедегі еркін ақша қаражаты да ақша нарығының қысқа мерзімді құралдарына орналастырылды. Бұл ретте аталған инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсатына жатпайды және зейнетақы активтерінің кірістілігін қолдау үшін ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде жүзеге асырылады.

**Өтеулер мен сатулар.** 2018 жылғы маусымда бағалы қағаздардың эмиссиялар проспектісінде белгіленген мерзімдерге сәйкес екінші деңгейдегі банктер облигациялар бойынша негізді борышты жалпы сомасы 17,9 млрд теңгеде өтеді.

Қаралып отырған кезеңде екінші деңгейдегі банктердің бастамасы бойынша банктік салым шарттарында белгіленген талаптарға сәйкес депозиттер бойынша негізгі борышты жалпы сомасы 4,5 млрд теңгеде мерзімінен бұрын ішінара өтеу де жүргізілді.


Келіп түскен ұсынысқа сәйкес «Цесна Банк» АҚ-тың 1,5 млрд теңге сомада артықшылық берілген акциялары сатылды.

**Шетел валютасымен номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.**

БЖЗҚ-ның шетел валютасымен номинирленген зейнетақы активтері БЖЗҚ-ның Инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық активтерді инвестициялаудың жалпы құрылымы мен стратегиясына сәйкес инвестицияланады.

<sup>1</sup> ҚРҰБ ноттары мен депозиттері, ҚР МБҚ кепіліне «Кері репо» операциялары

## Валюталық портфельдің құрылымы



**Инвестициялар.** 2018 жылғы маусымда шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **38,1 млрд. теңге** болды, оның ішінде:

- ҚР Қаржы министрлігінің 19,4 млрд теңге сомада жылдық 5,0% орташа алынған кірістілігі бар еурооблигациялары;
- дамушы елдердің квазимемлекеттік секторындағы шетел эмитенттерінің 18,7 млрд теңге сомада жылдық 4,1% орташа алынған кірістілігі бар облигациялары сатып алынды.

Дамушы елдер эмитенттерінің бағалы қағаздарына жүзеге асырылған инвестициялардың шегінде Қытайдың «А+» деңгейінде ең төменгі кредиттік рейтингі бар квазимемлекеттік секторының 4 эмитентінің еурооблигациялары және инвестициялық деңгейдің кредиттік рейтингіне сәйкес келетін Үндістанның «BBB-» деңгейінде ең төменгі кредиттік рейтингі бар квазимемлекеттік секторының 1 эмитентінің еурооблигациялары сатып алынды. Көрсетілген бағалы қағаздардың эмитенттерін мемлекет 100% бақылайды.

Еурооблигациялардың әрбір шығарылымын сатып алу үлесі шамалы болып табылады және әр шығарылымның айналыстағы көлемінен 0,38%-дан бастап 2,01%-ға дейін болады. Жоғарыда көрсетілген еурооблигациялардың шығарылымы JPMorgan компаниясы бақылайтын EMBIG (Emerging Markets Bond Index Global) дамушы елдердің танымал және ірі инвестициялық қорлары барынша атап өтетін облигациялар индексіне кіреді.

Эмитент	ISIN	Ең төменгі рейтинг	Айналыстағы шығарылымнан сатып алу үлесі, %	Саласы
Three Gorges	USG8850LAC49	A+	2,01	Компания гидро-, күн және жел энергетикасы саласындағы жобаларды жобалау, құрылысы және пайдалану бойынша қытайдың ірі операторы болып табылады.

State Grid Overseas	USG8450LAJ38	A+	0,38	Қытайдың мемлекеттік электр желілік корпорациясы шамамен 1,1 млрд адамды қамтамасыз ететін әлемдегі ірі электр желілік компания болып табылады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша компания Fortune Global 500 рейтингі бойынша түсім көлемі жағынан әлемнің ірі компанияларының тізімінде 2-ші орынды иеленді.
Export-Import Bank of China	XS1395523779	A+	0,50	Қытайдың экспорттық-импорттық банкі ҚХР Мемлекеттік кеңесінің тікелей басшылығымен мемлекеттік банктік жүйенің жетекшісі болып табылады. Қытайдың экспорттық-импорттық банкі ҚХР сыртқы сауда және экономиканың резервтік жүйесінің маңызды бөлігі, сондай-ақ қаржы жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.
Export-Import Bank of China через AVI Funding CO LTD*	XS1291170360	A+	2,00	
Export-Import Bank of India	XS0872917660	BBB-	1,60	Банк жаңа өндірістік күштер құру үшін мерзімді кредиттер беру арқылы экспорттерлер мен импорттерлерге қаржылай көмек көрсетеді.

\*Еурооблигация шығару үшін арнайы құрылған компания, олар бойынша міндеттемелерді Export-Import Bank of China түпкілікті бенефициар көтереді.

Қаралып отырған кезеңде шетел валютасындағы бос ақша қаражаты рейтингтік бағасы «А-»-дан төмен емес шетел банктерінің қысқа мерзімді депозиттеріне орналастырылған. Бұл ретте осы инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсаты болып табылмайды және зейнетақы активтерінің кірістілігін қолдау үшін ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде жүзеге асырылады.

**Өтеу мен сату.** 2018 жылғы маусымда белгіленген мерзімге сәйкес АҚШ Үкіметінің МБҚ бойынша 138,2 млрд теңге сомадағы негізгі борышы өтелді.

Есепті кезеңде бағалы қағаздар сатылған жоқ.

**Инвестициялық қызметтің нәтижелері.** 2018 жылғы 6 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **378,2 млрд теңгені** құрады. БЖЗҚ салымшылар (алушылар) үшін осы кезеңде зейнетақы активтерінің кірістілігі 2,6% мөлшеріндегі инфляция болған кезде **4,48%** болды. Осылайша, 2018 жылдан бастап БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **1,88%-ды** құрады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына алады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)